

1-БЛОК: Музыка

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Кантилена -
 - A) музыкалық шығарманың қорытынды бөлімі
 - B) Испан ақсүйек қауымының поэтикалық - лирикалық әні
 - C) бірнеше дыбыстың бір уақытта, бірдей дыбыс қатарында айтылуы
 - D) дауыс пен аспап дыбыс ауқымының белгілі көлемі
 - E) өте сазды әуен

2. Диез –
 - A) дыбысты жарты тон жоғарылатады
 - B) дыбысты бір тон төмендетеді
 - C) дыбысты жарты тон төмендетеді
 - D) дыбысты төмендету, жоғарылату белгілерінің күшін жояды
 - E) дыбысты бір тон жоғарылатады

3. Дыбыстың біртіндеп ақырын орындалуы
 - A) темп
 - B) ырғақ
 - C) мецефорте
 - D) диминуэндо
 - E) пиано

4. Мұхит салдың Бала Оразға арнаған әні
 - A) Паңкөйлек
 - B) Қараторғай
 - C) Үлкен айдай
 - D) Айнамкөз
 - E) Зәуреш

5. Айтыстың ең көне түрі
 - A) Жар-жар айтысы
 - B) Қыз бен жігіт айтысы
 - C) Жұмбақ айтысы
 - D) Бәдік айтысы
 - E) Түре айтысы

6. Нәресте дүниеге келген кезде айтылатын қазақтың әні
 - A) «Тұсау кесер жыры»
 - B) «Батырлар жыры»
 - C) «Бесік жыры»
 - D) «Қоштасу»
 - E) «Сыңсу»

7. Дәстүрлі ән өнерінің озық үлгісін салған композитор

- A) Сегіз сері
- B) Ақан сері
- C) Үкілі Ыбырай
- D) Біржан сал
- E) Жаяу Мұса

8. Жүрдек екпінде, ең жоғарғы дыбыста шарықтап орындалатын Мұхиттың әні

- A) «Үлкен айдай»
- B) «Қараторғай»
- C) «Теміртас»
- D) «Ләйлім шырақ»
- E) «Балқадіша»

9. Өзбек халқының ысқышпен ысып ойнайтын аспаптары

- A) команга, коман
- B) гиджак, сетор, сато
- C) ооз қомыз, темір қомыз
- D) кеманча, тар нагара
- E) қомыз, қол қияқ, жығаш

10. Африка музыка өнері басқа да өнермен тығыз байланысты

- A) Би өнері
- B) Балет өнері
- C) Опера өнері
- D) Вокал мен би өнері
- E) Вокал өнері

11. Түркмен халқының белгілі би үлгісі

- A) архан
- B) ялла
- C) гуцулка
- D) джанги
- E) пулитдепме

12. Испан музыкасының негізін құрайтын елдер

- A) Италия және Франция
- B) Норвегия және Англия
- C) Италия және Англия
- D) Бретани және Англия
- E) Ибер және Кельт

13. Африка халқының ішекті музыкалық аспабы

- A) Крар
- B) Гитара
- C) Бэгэна
- D) Зумбара
- E) Китембе

14. Африкада кең тараған аспап түрлері

- A) ішекті
- B) ұрмалы
- C) үрмелі
- D) ысқышты
- E) сілкімелі

15. АҚШ музыкасының жанр түрлері

- A) ацтек, майя, кечуа
- B) китембе, инга, раба
- C) зумбара, банджо
- D) крар, бэгэна
- E) спиригуэл, блюз, джаз

16. Қазақтың көнеден келе жатқан жыры

- A) «Көкіл»
- B) «Алшамыс»
- C) «Елім-ай»
- D) «Саржайлау»
- E) «Тойбастар»

17. Е. Брусиловскийдің «Дудар-ай» операсының мазмұнының негізіне алынған тақырып

- A) бір – біріне ғашық екі жастың сүйіспеншілігі
- B) батырлық пен ерлік
- C) махаббат және әлеуметтік жағдай
- D) ұлы ойшыл, биік тұлға бейнесі
- E) халықтар достығы

18. Сал-сері сөзіне анықтама беріңіз

- A) Соғыс кезінде қолына найза алып, жауға аттанып, жырларымен жауынгерлерге рух берген қолбасшы
- B) Екі ақынның бір-бірімен өлең сөз арқылы жарысуы
- C) Ақындардың ұзақ айтысуы
- D) Нақыл сөз, өсиет айтып, халық аспаптарында орындаушылар
- E) Әннің сөзін де, әуенін де өзі шығарып, өздері орынайтын сегіз қырлы, бір сырлы, қазақ халқының композиторлары

19. Қазақтың суырыпсалма би жарысы

- A) «Қаражорға»
- B) «Өрмек тоқу»
- C) «Аю биі»
- D) «Ортеке»
- E) «Ұтыс»

20. Шара Жиенқұлова билеген би түрлері

- A) қазақ вальсі
- B) лендлер
- C) кәтгә ойын
- D) қаражорға
- E) матиник

21. Қазақтың ұлттық би жарысы

- A) «Ұтыс»
- B) «Айжан қыз»
- C) «Қоян»
- D) «Аю би»
- E) «Қаражорға»

22. Испандықтар пантомималық билерді сүйемелдеу үшін қолданған аспап

- A) арфа
- B) флейта
- C) трубалар
- D) кастаньеттер
- E) барабандар

23. «Қоян» биін орындаушы

- A) Рақым
- B) Шара
- C) Зәрубай
- D) Ысмайлов
- E) Аюханов

24. Түрікмен халқының вокалды, би жанрын қалай атайды

- A) Жыр
- B) Зикир
- C) Терме
- D) Ашуг
- E) Манас

25. Қазақ драма театры жанынан ашылған музыкалық студияның ашылған жылы

- A) 1933
- B) 1925
- C) 1922
- D) 1926
- E) 1927

26. Сазды-драма техникумында оқыған композитор

- A) Қ.Қожамияров
- B) М.Абдуллин
- C) А.Спирин
- D) Ш.Бейсекова
- E) Р.Абдуллин

27. 1940 ж. бастап А.Жұбановтың оркестрге арнап жазған шығармасы

- A) «Абай»
- B) «Мереке»
- C) «Шаттық Отаны»
- D) «Бейбітшілік үшін»
- E) «Сарыарқа»

28. «Домбыра туралы аңыз» шығармасының композиторы

- A) С.Мұхамеджанов
- B) Е.Брусиловский
- C) М.Төлебаев
- D) Н.Меңдіғалиев
- E) Ғ.Жұбанова

29. Симфониялық оркестрде төменгі дыбыстарды орындау үшін арнайы ойлап табылған үрлемелі ағаш аспап

- A) Флейта
- B) Тромбон
- C) Кларнет
- D) Фагот
- E) Гобой

30. Жез аспаптар тобын көрсетіңіз

- A) Туба, труба, флейта, фагот
- B) Труба, валторна, тромбон, туба
- C) Флейта, гобой, кларнет, туба
- D) Тромбон, труба, валторна, гобой
- E) Тромбон, фагот, труба, кларнет

31. С.Мұхамеджановтың симфониялық оркестрге арнап жазған шығармасы
- A) «Қазақ увертюрасы»
 - B) «Ризвангүл»
 - C) «Сарыарқа»
 - D) «Жаңа күйін»
 - E) «Толғау»
32. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» балетінің авторы
- A) 1959 ж. М. Сағатов
 - B) 1968 ж. Қ. Қожамияров
 - C) 1969 ж. В. Великанов
 - D) 1973 ж. Ғ. Жубанова
 - E) 1970 ж. Е. Брусиловский
33. Халық және халық композиторларының күйлерін тұңғыш хорға лайықтап түсірген композитор
- A) Л. Хамиди
 - B) Е. Брусиловский
 - C) Б. Байқадамов
 - D) Қ. Мусин
 - E) А. Жұбанов
34. Нұрғали Нүсіпжановтың орындаған әні
- A) «Армандастар»
 - B) «Атамекен»
 - C) «Сәулем – ай»
 - D) «Ақ сиса»
 - E) «Ләйлім шырақ»
35. Л.Бетховеннің симфониялық увертюрасы
- A) «Эгмонт»
 - B) «Фиделио»
 - C) «Иуда Маккавей»
 - D) «Тристан мен Изольда»
 - E) «Самсон»
36. Өзбек халқының ішекті- ыспалы музыкалық аспаптары
- A) сибизик, буламан, рубаб
 - B) дутар, танбур, уд
 - C) гиджак, сато, сетор
 - D) чанг
 - E) дойра, нагора, кошук

37. Поляк халқының музыкалық аспабы

- A) Балалайка
- B) Гармоника
- C) Бандура
- D) Генсле
- E) Цимбал

38. Дыбысы қоңыр, жуан ұрып ойнайтын аспап

- A) шаңқобыз
- B) асатаяқ
- C) сазсырнай
- D) месқобыз
- E) дабыл

39. «Амангелді» фильміне А.Жұбановпен бірлесіп музыка жазған

- A) М.Төлебаев
- B) Е. Брусиловский
- C) Б. Жұманиязов
- D) М.Гнесин
- E) Л. Хамиди

40. И.С. Бах жазған сюиталар саны

- A) 14
- B) 20
- C) 12
- D) 6
- E) 19

41. И.С.Бахтың ірі вокалды-аспаптық шығармасы

- A) «Күдіретті месса»
- B) «Мессия»
- C) «Самсон»
- D) «Дон-Жуан»
- E) «Нерон»

42. Гендельдің ораториясы

- A) «Семен»
- B) «Кариолан»
- C) «Мозепа»
- D) «Пергюнт»
- E) «Евангелия туралы Ионнаның сезімі»

43. Л. В. Бетховен музыкалық шығармаларын жастан жаза бастады
- A) 10
 - B) 13
 - C) 11
 - D) 12
 - E) 14
44. А.Моцарттың операсы
- A) «Фиделио»
 - B) «Сиқырлы сыбызғы»
 - C) «Самсон»
 - D) «Андантино»
 - E) «Дилором»
45. «Фиделио» операсының композиторы
- A) В.А. Моцарт
 - B) Л. Бетховен
 - C) И.С. Бах
 - D) Г. Гендель
 - E) И. Гайдн
46. Э. Григтің фортепианоға арнап жазған концерттерінің саны
- A) 12
 - B) 5
 - C) 2
 - D) 1
 - E) 11
47. «Венгр рапсодиялары» композиторы
- A) Ф. Лист
 - B) Ф. Шопен
 - C) Э. Григ
 - D) П. Чайковский
 - E) М. Глинка
48. Э. Григке әлемдік даңқ әкелген шығарма
- A) Г. Ибсеннің «Пер Гюнт» драмасы
 - B) Норвег билері
 - C) Фортепианоға арналған концерт
 - D) Скрипка және виолончельге арналған сонаталар
 - E) Фортепианоға арналған пьесалар

49. «Щелкунчик» балетінің композиторы:

- A) С.Прокофьев
- B) Г.Свиридов
- C) П.Чайковский
- D) С.Рахманинов
- E) М.Глинка

50. П.И.Чайковскийдің «Времена года» жинағынан «Жатва» пьесасында табиғат бейнелерін суреттейтін ай аты:

- A) қараша
- B) сәуір
- C) маусым
- D) тамыз
- E) шілде

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Қазақтың домбыра аспабына ұқсас Орта Азия халықтарының аспаптары

- A) қомыз
- B) қыя
- C) дутар
- D) саз
- E) кеманча
- F) моринхур

52. Қазақтың сілкіп ойнайтын аспабының бірі

- A) дабыл
- B) асатаяқ
- C) сазсырнай
- D) дауылпаз
- E) сақпан
- F) шаңдауыл

53. Мудан сөзінің анықтамасы

- A) биді жеке орындаушы
- B) ауруды қашырушы бақсы
- C) маскамен билейтін биші
- D) корейдің бақсы әйелдері
- E) болашақты болжаған бақсы
- F) желпуішпен билейтін биші

54. Әскери оркестр құрамына кіретін аспаптар

- A) ұрмалы
- B) ішекті
- C) сілкіп ойнайтын
- D) үрмелі жезді
- E) шертпелі
- F) ыспалы

55. «Поэма» шығармасының композиторы

- A) В.Великанов
- B) М.Төлебаев
- C) А.Жұбанов
- D) Ф. Рахмадиев
- E) Л.Хамиди
- F) Е.Брусиловский

56. 104 симфонияның авторы

- A) Г. Гендель
- B) И.С. Бах
- C) Р.Шуберт
- D) Л. Бетховен
- E) Г. Гайдн
- F) В.А. Моцарт

57. Скрипка мен фортепианоға арнап жазылған «Толғау» шығармасының композиторы

- A) В.Великанов
- B) М.Төлебаев
- C) М.Сағатов
- D) Е.Рахмадиев
- E) Ғ.Жұбанова
- F) Қ.Мусин

58. Қазақ жырларының жаңа ғасырда жалғасын тапқан жанр түрлері

- A) би
- B) джаз
- C) опера
- D) күй
- E) эстрада
- F) кино

59. Корей би өнерінің ерекшеліктері

- A) театрландырылған қойылым
- B) күнге табыну
- C) шеңбер болып айнала билеу
- D) аяқтың ұшымен билеу
- E) маска киіп билеу
- F) би қимылдарымен қоса, көп дауыста ән айту
- G) желпуішпен билеу

60. «Қамбар-Назым» балетінің композиторы

- A) Е.Брусиловский
- B) М.Төлебаев
- C) Е.Рахмадиев
- D) Қалқамын - Мамыр
- E) В.Великанов
- F) А.Жұбанов

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Көне дәстүрінен сақталған айтыс өнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуды. Қазақ халқы үшін айтыс ең сүйікті өнер түрінің болды. Өйткені айтыс ақыны – халықтың ойын ортаға салып, мұң-мұқтажын шынайылықпен ашық айта білген халық жаршысы.

61. Айтыстың алғашқы бұлақ көзі болған жырлар

- A) бәдік, жар-жар
- B) сыңсу, беташар
- C) жар-жар, бәдік
- D) ән, сыңсу
- E) терме-жыр

62. Айтыс өлеңдері туралы алғаш рет 1927 ж. жарық көрген М.Әуезовтың кітабы

- A) «Фольклор және музыка»
- B) «Айтыс»
- C) «Қазақ әдебиетінің тарихы»
- D) «Қазақ халқының эпосы мен жырлары»
- E) «Әдебиет тарихы»

63. 1943 жылы алғаш рет өткізілген іс-шара

- A) ақындар мүшәйрасы
- B) сайыс
- C) күй тартыс
- D) байқау
- E) ақындар айтысы

64. Операда қолданылған айтыс

- A) «Жамбыл мен Айкүміс
- B) «Біржан мен Сара»
- C) «Сүйінбай мен Қатаған»
- D) «Кемпірбай мен Шөже»
- E) «Әсет пен Ырысжан»

65. Айтысқа қатысатын өнер иесі

- A) ақын
- B) жырау
- C) әнші
- D) күйші
- E) жазушы

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қобыз аспабын қастерлі, киелі санаған. Бақылар адамдарды емдегенде қобыз аспабын пайдаланған. Оның сиқырлы үніне сенген. Қобыздан шыққан күйлер құдіретті күшімен табиғаттың үнін, адамның жан дүниесін күй арқылы жеткізе білген.

66. Жаппас Қаламбаев «Қасқыр» күйінде тартқан оқиғасы

- A) жыланның үяға өрмелеуі
- B) арлан қасқырмен алысқан малшы иті
- C) көмейіне қорғасын құюы
- D) ұлыған ит
- E) баланы жұбату

67. Жорықта қолға түскен Абылдың күйін естігендегі түрікмендердің әрекеті

- A) күйге ұйыған халық бір – бірімен достасады
- B) түрмеге жабады
- C) ат мінгізеді
- D) шапан жабады
- E) қонақ етіп күтеді

68. Атаның баланы жұбатқан күйі

- A) «Ерден»
- B) «Әуппәй»
- C) «Той бастар»
- D) «Шалқыма»
- E) «Мың жылқы»

69. Жоңғарлардың құтын қашырып, шегіндірген «Жауға шап» құпия күйін орындаған күйші

- A) Ерден күйші
- B) Қорқыт баба
- C) Балапан баба
- D) Құрманғазы
- E) Кетбұға

70. Атаның кесенесіндегі қобыздан шығатын үн

- A) ішектеріне желдің тиюінен
- B) жердің киелі болғанынан
- C) Қорқыт атаның қасиетінен
- D) қобыздың киелі болғанынан
- E) қобызды ысқышпен ойнаудан

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.